

Күйе өндірісінің пештік процесі

Бұл процесте бастапқы шикізат ретінде газ тәріздес көмірсутектерді және сұйық көмірсутектерді қолдануға болады. Соңғылар ретінде мұнайлы жоғары ароматталған қалдық майлар жарамды болады. Қазіргі уақытта барлық өндірілетін күйенің жартысынан көпшілігі, сұйық көмірсутекті шикізатты қолданатын, пештік процестің үлесіне келеді.

Процесте каналды процестегідей ламинарлы диффузиялық жалын қолданылады, бірақ шикізаттың толық емес жануы жабық кеңістікте, ығыстырудың жақсы бақыланатын жағдайында (максималды турбулентікте) жүреді.

Пештен газды – күйелі қоспа тік тоңазытқыштың төменгі бөлігіне беріледі, онда ол 1300-ден 200°C дейін сумен салқындатылады, одан кейін ұстап қалу жүйесіне бағытталады. Аэрозольден күйенің бөлінуі – күрделі операция, ол кезде циклондар (онда ірі бөлшектер механикалық түрде бөлінеді), электрсүзгіштер, магнитті сепараторлар (темір оксидінің бөлшектерін аластату үшін) және шарлы диірмендер (күйені тығыздау үшін) қолданылады.

Каналдымен салыстырғанда, пештік процесс кезінде жоғарғы өнім шығымын 140-160 г/м³ метан (теориялықтан ~25-30%) береді.